

№19 14.02.2017

**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
МЕН  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ  
АРАСЫНДАҒЫ  
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті РМҚ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Сыдықов Ерлан Батташұлы бір тараптан және екінші тараптан ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Қалижанов Уалихан Қалижанұлы, әрі қарай «Тараптар», ал жеке түрде «Тарап» деп аталатын, жоғарғы білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумды жасасты (әрі қарай – «Меморандум») және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

**1-бап**

Тараптар арасында өзара түсіністікті қолдау және білім мен ғылыми зерттеу аясында ынтымақтастықты дамыту осы Меморандумның мақсаты болып табылады.

**2-бап**

Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

- білім алу, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тағылымдамадан өту, оқу-өндірістік және ғылыми тәжірибеден өту үшін бакалаврлар, магистранттар, PhD докторлар, оқытушылар және зерттеушілермен академиялық алмасу; кәсіби (оқу-өндірістік, өндірістік, зерттеу, дипломалды, педагогикалық) тәжірибелер;
- өзара ортақ мүддені көздейтін салада жоғары білікті ғылыми педагогикалық кадрлар мен мамандарды даярлауда ынтымақтастық;
- тарап өкілдерін дәріс оқуға, оқу-әдістемелік жұмыс бойынша ақпарат пен тәжірибе, сонымен қатар оқу жоспарлармен, бағдарламалармен алмасу үшін шақыру;
- Тараптардың профессор-оқытушы және әкімшілік құрамына дәрістер, шеберлік сыныптарын (оның ішінде онлайн режимде) өткізу;

- магистрлік және докторлық диссертацияны жазуда ғылыми кеңес беру және қос жетекшілік ету үшін профессорлық құрамды тарту түрінде біріккен ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізу;
- біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, тараптарға арналған күндер және білім беру облысында өзге де бастамашылықтарды жүргізу;
- біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша оқу-әдістемелік материалдарды, зерттеулерді жариялау;
- басылымдармен, ғылыми зерттеулермен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, периодикалық басылымдармен өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;
- егер ол Тараптардың жарғылық міндеттеріне қайшы келмесе, тараптардың қызметкерлерін кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;
- ЖОО басқаруда қазіргі әкімшілік әдістерді енгізе отырып, университеттік басқарма мен құрылымдарды жетілдіру үшін әкімшілік құрамды шақыру;
- білім берудің қашықтықтық нысанын жүзеге асыру;
- тараптарда жүзеге асырылатын білім беру және ғылыми зерттеу бағдарламаларының шеңберінде гранттар алуға ортақ мәлімдемелер дайындау;
- тараптардың сайттарында сілтемелер орналастыру;
- тараптар ұйымдастыратын білім беру және ғылым саласы аясындағы халықаралық конференциялар, көрмелер мен жәрмеңкелер туралы Тараптарды хабарлау.

### 3-бап

2-баппен белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

### 4-бап

Осы Меморандум жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру тараптарын ықтималды ресурстары мен қаржылық қолдауына байланысты болады. Тараптар қаржылық әріптестерді, сонымен қатар қорларды тарту мүмкіндігін қарастырады.

**5-бап**

Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгертулердің енгізілуі Тараптардың өзара келісімімен оның ажырамас бөлігі бола алатын және тиісті тәртіпте рәсімделген, Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қойған қосымша келісім арқылы жүзеге асырылады.

**6-бап**

Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтаса отырып Тараптар қатысушы елдердің заңдары мен ережелерін сақтайды.

Меморандум шеңберінде туындайтын даулар университеттер арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

**7-бап**

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімінде іске асады. Егер оның тоқтатылуына алты ай қалған мерзімінен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуын талап етпесе, осы Меморандум әрі қарай бес жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

**8-бап**

Осы Меморандум екі нұсқада: қазақ және орыс тілдерінде жасалады, сонымен қатар мәтіндер бірдей заңды күшке ие болады.

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті атынан**

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институты атынан**

Ректор \_\_\_\_\_  
(Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы)

Директор \_\_\_\_\_  
(Қалижанов Уалихан Қалижанұлы)

Күні: « 14 » \_\_\_\_\_ 2017 ж.

Күні: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2017 ж.

*Handwritten signature*